

**"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 462 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 754 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 462 Жарлығына (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 13, 87-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның құрамына енгізілсін:

Исекешев Әсет Өрентайұлы	- Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы, төраға,
Әбдірахымов Ғабдолла Рахметоллаұлы	- Шымкент қаласының әкімі,
Қожахметов Асылбек Базарбайұлы	- "Қазақстанның Азаматтық альянсы" қоғамдық қорының президенті (келісім бойынша),
Мырзахметов Асқар Исабекұлы	- Жамбыл облысының әкімі,
Прокопенко Леонид Андреевич	- Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі,
Смайылов Әлихан Асханұлы	- Қазақстан Республикасының Қаржы министрі,
Сүлейменов Тимур Мұратұлы	- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі,
Шөкеев Өмірзақ Естайұлы	- Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі;
мына жолдар:	
"Әшімбаев Мәулен Сағатханұлы	- Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы (келісім бойынша)",
"Кәлетаев Дархан Аманұлы	- Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)",
"Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы	- Қазақстан Республикасының Қаржы министрі",

"Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы	- Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі"
тиісінше мынадай редакцияда жазылсын:	
"Әшімбаев Мәулен Сағатханұлы	- "Нұр Отан" партиясы Төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша)",
"Кәлетаев Дархан Аманұлы	- Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрі, төрағаның орынбасары",
"Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы	- Астана қаласының әкімі",
"Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы	- Түркістан облысының әкімі";

жоғарыда аталған комиссия құрамынан шығарылсын: А.А.Башмаков, М.Б.Бекетаев, С.В.Вишняк, Ә.Р.Жақсыбеков, Н.Б.Ермекбаев, Н.К.Ерімбетов, Н.Жүсіп, Е.З.Қажыбек, У.Қ.Қалижанов, З.И.Касанов, К.Н.Көкірекбаев, М.А.Құл-Мұхаммед, Д.Қ.Мыңбай, Н.М.Оразалин, Ш.А.Пулатов, С.В.Селиверстов, А.Ю.Тараков.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н.Назарбаев*